

Нотариаттық қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1557 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 620 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.08.2015 № 620 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Әділет министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 232 бұйрығын қараңыз

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6–бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Нотариустардың өтініштерін қабылдау, мөрлерін тіркеу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 31

желтоқсандағы

№ 1557 қаулысымен

бекітілген

«Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен б а с т а п :

аттестаттаудан өткізу қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады, бірақ т о қ с а н ы н д а к е м і н д е б і р р е т ;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ у а қ ы т ы – 1 5 (о н б е с) м и н у т ;

3) қызмет көрсету үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 15 (он бес) м и н у т .

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) аттестаттаудан өткені туралы не аттестатталмағаны туралы шешімі.

Комиссияның шешімін беру қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Комиссияның аттестаттаудан өткені туралы не аттестаттамағаны туралы шешімі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 2-қосымшаларда белгіленген нысандар бойынша аттестаттау өткізілгеннен кейін келесі күннен к е ш і к т і р і л м е й б е р і л е д і .

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сай демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) өтініш;
2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесін;

3) жоғары заңгерлік білімі туралы дипломының (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

4) бүкіл Қазақстан Республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтама;

5) нотариуста тағылымдамадан өткені туралы қорытынды;

6) еңбек кітапшасының көшірмесі (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған);

7) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамалар;

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өтуге қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті берушіге күні, уақыты, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында айқындалған құжаттардың толықтығын қамтамасыз етеді.

3. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

Шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не Министрліктің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021 және (немесе) № 925 кабинеттер мекенжайы бойынша, сондай-ақ 8 (7172) 74-07-68, 74-07-97 телефондары бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жауапты орындаушыны белгілеу және тиісті шараларды қабылдау үшін жолданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.adilet@gov.kz интернет-ресурстарында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 24-07-49, 24-12-91. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

«Нотариаттық қызметпен айналысу
құқығына аттестаттаудан өткізу»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

**Комиссияның нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерді
аттестаттау туралы шешімі**

_____ қаласы 20__ жылғы «__» _____
Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері
б о й ы н ш а

(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша _____ балл
емтихан билеті бойынша _____ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Төраға

Мүшелері

мынадай шешім шығарды:

аттестатталсын.

(Т.А.Ә.)

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы

Комиссия хатшысы

«Нотариаттық қызметпен айналысу
құқығына аттестаттаудан өткізу»
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына

2-қосымша

**Комиссияның нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерді
аттестаттамау туралы шешімі**

_____ қаласы 20__ жылғы «__» _____
Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері
б о й ы н ш а

(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша _____ балл
емтихан билеті бойынша _____ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Төраға

М ү ш е л е р і

мынадай шешім шығарды:

_____ аттестаттаудан өтпеді деп саналсын.

(Т.А.Ә.)

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы

Комиссия хатшысы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2013

жылғы

31

желтоқсандағы

№

1557

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:
лицензия беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;
лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;
лицензияның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсету үшін рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің берілу нысаны: электрондық және (немесе) қағаз жүзінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру үшін кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады, ол «Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 471-бабына сәйкес мынаны құрайды:

1) лицензия беру – 6 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК);

2) лицензияның телнұсқасын беру – лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

3) лицензияны қайта ресімдеу – лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен көп емес;

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз төлем түрінде екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады, онда төлем мөлшері мен күнін растайтын құжат (түбіртек) беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті алушылар – тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

3) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

4) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны не құжаттың электрондық көшірмесін;

5) заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың көшірмесін;

6) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

4) судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын анықтаманың (тексеру үшін түпнұсқасын берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

5) тағылымдамадан өткені туралы қорытындының көшірмесін не құжаттың электрондық көшірмесін;

6) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып,

көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды ;

7) заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – тұрақты судьялар көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды :

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

4) тағылымдамадан өткені туралы қорытындының көшірмесін не құжаттың электрондық көшірмесін;

5) заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын еңбек кітапшасының көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – өз міндеттерін орындау кезінде атына нұқсан келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін сот лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

4) тағылымдамадан өткені туралы қорытындының көшірмесін не құжаттың электрондық көшірмесін;

5) заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын еңбек кітапшасының көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған);

6) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық

анықтамаларды

ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – мемлекеттік нотариустар көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

4) заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын еңбек кітапшасының көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған);

5) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды ұсынады.

Лицензияны қайта ресімдеу көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) өзгерген кезде жүзеге асырылады.

Қайта ресімдеу туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы төменде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, жеке куәлігін ауыстырған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді:

1) лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) лицензияның түпнұсқасы (көрсетілетін қызметті алушы қайта ресімделген лицензияны алғанға дейін бұрын берілген қағаз жеткізгіштегі лицензияны көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады);

4) тегі, аты және әкесінің аты өзгергенін растайтын құжатының көшірмесі (тексеру үшін түпнұсқасы берілген жағдайда нотариаттық куәландырылған);

5) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамалар.

Лицензия жоғалған, бүлінген кезде көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды:

1) лицензияның телнұсқасын беру туралы өтінішті;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) лицензияның түпнұсқасын (лицензия бүлінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге бұрын берілген қағаз жеткізгіштегі лицензияны қайтарады);

4) лицензияның жоғалғаны туралы мерзімді басылым беттерінде жарияланғанын растайтын құжатты;

5) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды ұсынады.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, көрсетілетін қызметті алушы телнұсқасын алмай-ақ, өтініш бойынша оны электрондық форматқа көшіруге құқылы.

Лицензияның жоғалған, бүлінген бланкілері көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Көрсетілетін қызметті беруші өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жоғарғы оң жақ бұрышына жаңа нөмір бере отырып, лицензияның телнұсқасын береді.

П о р т а л ғ а :

лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар – тағылымдамадан және аттестациядан өткен адамдар мыналарды:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сұрау салуды;

1) лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы бюджетке төленгені туралы ақпаратты (не құжаттың электрондық көшірмесі түрінде түбіртегі қоса тіркеледі);

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

3) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны не құжаттың электрондық көшірмесін ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – Қазақстан Республикасының Әділет

біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар мыналарды :

1) лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы бюджетке төленгені туралы ақпаратты (не құжаттың электрондық көшірмесі түрінде түбіртегі қоса тіркеледі) ;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

3) нотариуста тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны не құжаттың электрондық көшірмесін ;

4) судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын анықтаманың көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалдық куәландырылған) ;

5) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – тұрақты судьялар мыналарды:

1) лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы бюджетке төленгені туралы ақпаратты (не құжаттың электрондық көшірмесі түрінде түбіртегі қоса тіркеледі) ;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

3) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны не құжаттың электрондық көшірмесін ұсынады .

Көрсетілетін қызметті алушылар – өз міндеттерін орындау кезінде атына нұқсан келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін сот лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар мыналарды :

1) лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы бюджетке төленгені туралы ақпаратты (не құжаттың электрондық көшірмесі түрінде түбіртегі қоса тіркеледі) ;

2) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны не құжаттың электрондық көшірмесін ;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

4) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген

наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – мемлекеттік нотариустар мыналарды:

1) лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы бюджетке төленгені туралы ақпаратты (не құжаттың электрондық көшірмесі түрінде түбіртегі қоса тіркеледі) ;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысанын;

3) мемлекеттік нотариус ретінде жұмыс өтілін растайтын еңбек кітапшасын (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ;

4) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті алушылар мыналарды :

1) лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы бюджетке төленгені туралы ақпаратты (не құжаттың электрондық көшірмесі түрінде түбіртегі қоса тіркеледі) ;

2) лицензияның түпнұсқасын (көрсетілетін қызметті алушы қайта ресімделген лицензияны алғанға дейін бұрын берілген қағаз жеткізгіштегі лицензияны көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады);

3) тегі, аты және әкесінің атының өзгергенін растайтын құжатының көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды к у ә л а н д ы р ы л ғ а н) ;

4) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады.

Лицензия жоғалған, бүлінген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді және мынадай құжаттарды :

1) лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы бюджетке төленгені туралы ақпаратты (не құжаттың электрондық көшірмесі түрінде түбіртегі қоса тіркеледі) ;

2) лицензияның түпнұсқасын (лицензия бүлінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алғанға дейін бұрын берілген қағаз жеткізгіштегі лицензияны көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады);

3) лицензияның жоғалғанын растайтын құжатты (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын жеке басын куәландыратын құжат, соттылығы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы ЭЦҚ қойылған электрондық құжаттар нысанында дербес алады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыдан сұратып алдыруға рұқсат етілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды берген кезде: көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не пошта байланысы арқылы) – өтініштің қағаз жеткізгіште қабылданғанын растайтын көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесіне құжаттар топтамасын қабылдаудың күні мен уақыты көрсетілген тіркеу туралы белгі болып табылады.

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе к о р с е т і л е д і .

10. Бас тарту үшін негіздемелер:

1) субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынуы;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

5) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуына тыйым салуы.

3. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша, не Министрліктің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор к., № 8-үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021 және (немесе) № 925 кабинеттер мекенжайы бойынша, сондай-ақ 8 (7172) 74-07-68, 74-07-97 телефондары бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қабылдаған адамның аты мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жауапты орындаушыны белгілеу және тиісті шараларды қабылдау ү ш і н ж о л д а н а д ы .

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Дәлелді жауап не бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол б е р і л е д і .

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымдар көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы «жеке кабинеттен» жолданған кезде жүгінгені туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші өңдеу барысында жаңартып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қаралғаны туралы немесе қараудан бас тартылғаны туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы

тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

4. Мемлекеттік көрсетілетін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет ерекшеліктері ескеріліп қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.adilet@gov.kz, интернет-ресурстарында: «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. ЭЦҚ бар болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинет», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары мыналар: 8 (7172) 24-07-49, 24-12-91, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші

(мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі(-лері) көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште _____

(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) _____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) қызметтің кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «__» _____

(болған жағдайда)

Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ «__» _____

(қолы)

«Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу және лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік

көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

**Нотариаттық қызметпен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу
және лицензияның телнұсқасын беруге мәліметтер нысаны**

барлық тұлғалар үшін толтырады

1. Диплом туралы мәліметтер

- 1) жоғарғы оқу орнының атауы _____.
- 2) мамандықтың атауы _____;
- 3) мамандықтың шифрі _____;
- 4) дипломның нөмірі _____;
- 5) дипломның берілген күні _____;

2. Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды

- 1) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні _____

2) облыс _____

3) тағылымдама жетекшісі _____

4) тағылымдаманың басталған күні _____

5) тағылымдаманың аяқталған күні _____

тағылымдама мен аттестаттаудан өткен тұлғалар үшін

3. Аттестаттау туралы комиссияның шешімі

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау
комиссиясының шешімі

1) қала _____

2) өткізілген күні _____

3) қарастыру мәртебесі _____

тұрақты судьялар үшін

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (бұдан әрі –
Жарлық) туралы мәліметтер

1. Жарлықтың нөмірі _____

2. Судья лауазымына тағайындау туралы Жарлықтың қабылданған
күні _____

3. Жарлықтың нөмірі _____

4. Судья лауазымынан босату туралы Жарлықтың қабылданған күні _____

тұрақты судья қызметін атқарған тұлғалар үшін

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (бұдан әрі –
Жарлық) туралы мәліметтер

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызмет алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нотариустардың мөрлерін беру. Көрсетілетін қызметті беруші нотариустың мөрін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мөрді беру журналында қол қою арқылы береді.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін);

3) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін).

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі мен оларға қойылатын талаптар бойынша жеңілдіктер көзделмеген.

Нотариустың мөрін алу үшін қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға күні, уақыты, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

3. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

Шағым мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021 және (немесе) № 925 кабинеттер мекенжайы бойынша, сондай-ақ 8 (7172) 74-07-68, 74-07-97 телефондары бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қ а б ы л д а н а д ы .

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қабылдаған адамның аты мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жауапты орындаушыны белгілеу және тиісті шараларды қабылдау ү ш і н ж о л д а н а д ы .

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол б е р і л е д і .

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы, ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіну құқығы бар.

4. Мемлекеттік көрсетілетін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет ерекшеліктері ескеріліп қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің www.adilet.gov.kz интернет-ресурсында: «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.


13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен

мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.adilet.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 414.

«Нотариустардың өтініштерін қабылдау, мөрлерін тіркеу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Жекеше нотариус мөрінің эскизі



Жекеше нотариус мөрінің сипаттамасы

1. Жекеше нотариустың мөрі (бұдан әрі – мөр) арнайы жабдықта жасалады, оны жасауға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келуге және жоғары сапалы

жасалуымен, жасандылықтан қорғалуымен, ұзақ мерзімділігімен және бояғыштарға төзімділігімен сипатталуға тиіс.

2. Мөрдің диаметрі 44 миллиметр (бұдан әрі - мм) болуға тиіс.

3. Жекеше нотариус мөрінің мәтіні «жекеше нотариус» деген сөздерден, нотариустың тегінен, атынан, әкесінің атынан, сондай-ақ лицензияның нөмірі мен берген күнінен тұрады. Жекеше нотариус мөріндегі барлық жазбалардың мазмұны мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

4. Мөрдің мәтінінде үш жиек және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленуге тиіс.

5. Қалыңдығы 3 мм бірінші жиек шеңберлі шағын қаріппен жасалады және «Қазақстан Республикасы» деген сөздерден тұрады.

6. Екінші жиек желісінің қалыңдығы 5 мм-ді құрайды. Екінші жиектің ішінде мынадай мазмұндағы мәтін орналасуға тиіс: "№ 0000 лицензияны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі _____ жылы берген".

7. Үшінші жиектің қалыңдығы 2,5 мм-ді құрайды, үшінші жиектің ішіндегі мәтін «жекеше нотариус» деген сөздерден, сондай-ақ жекеше нотариустың тегінен, атынан, әкесінің атынан тұруға тиіс.

8. «Қазақстан Республикасы» деген жазудың контуры қара бояумен толтырылуға тиіс.

9. Бояу нүктелерінің нысаны әртүрлі болуы мүмкін: шеңбер, эллипс, шаршы және т.б.

10. Мөрдің ортасында диаметрі 24 мм Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының айналы бейнесі орналасады.

«Нотариустардың өтініштерін қабылдау, мөрлерін тіркеу және беру» мемлекеттік қызмет стандартына көрсетілетін 2-қосымша

Мөрді беру журналы

Р/с №.	Берген күні	Жекеше мемлекеттік) нотариустың Т.А.Ә.	(Мөрдің бедері	Алғаны туралы қолы	Мөрдің жойылғ жоғалғаны тур мәліметтер
1	2	3	4	5	6

